

"Сотталғандарды қоғамдық жұмыс түріндегі жазаға тартып жұмысқа орналастыру үшін қоғамдық жұмыс түрлерін белгілеу туралы" 2007 жылғы 15 қаңтардағы № 38 әкімдік қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 3 маусымдағы № 284 қаулысы. Қостанай облысы Жітіқара ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 шілдеде № 9-10-144 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 29 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 28.01.2015 № 29 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 бабына сәйкес, әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сотталғандарды қоғамдық жұмыс түріндегі жазаға тартып жұмысқа орналастыру үшін қоғамдық жұмыс түрлеріне белгілеу туралы" 2007 жылғы 15 қаңтардағы № 38 әкімдік қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тілізімінде 9-10-62 нөмірімен тіркелген, 2007 жылғы 2 ақпандағы "Житикаринские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбында және 1 тармағында:
"қоғамдық жұмыстар" деген сөздер "қоғамдық пайдалы жұмыстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жұмысқа орналастыру" деген сөздер алынып тасталсын;
көрсетілген қаулының қосымшасында:
тақырыбында:

"қоғамдық жұмыстар" деген сөздер "қоғамдық пайдалы жұмыстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жұмысқа орналастыру" деген сөздер алынып тасталсын;
реттік нөмірі 2 жолда "Қала аумағын" деген сөздер "Жітіқара ауданының елді мекендері аумақтарын" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара ауданының әкімі

Қ. Испергенов

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасы әділет
Министрлігі қылмыстық-атқару
жүйесі Комитетінің Қостанай
облысы бойынша Басқармасы
Жітіқара ауданының
қылмыстық-атқару инспекциясының бастығы

_____ Е. Утегенов